



Л. Н. Толстой атындағы Қостанай
облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы
Ақпарат-библиографиялық бөлімі

Костанайская областная универсальная
научная библиотека им. Л.Н. Толстого
Информационно-библиографический отдел

*2009 жылға берілген
Қостанай облысының атаулы күндері
және оқиғалар күнтізбегі*

36 шығарылым

*Календарь дат и событий
Костанайской области на 2009 год*



Выпуск 36

ҚОСТАНАЙ – 2008

Құрастырушыдан

Л. Н. Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында дәстүрлі түрде жыл сайын шығарылатын «Қостанай облысының атаулы күндері мен оқиғалары күнтізбегі» ақпараттық-анықтамалығының 36 басылымы жарық көрді. Сіздерге ұсынылып отырған 2009 жылға арналған күнтізбекте Қостанай өңірінен шыққан және осы өңірде қызмет еткен атақты адамдардың мерейтойлары берілген. Сондай-ақ мекемелер мен кәсіпорындардың, қалалар мен аудандардың құрылған жылдары көрсетілген.

2009 жылы белгілі қоғам қайраткерлері: Ә. Жанкелдиннің туғанына 125 жыл, О. Дауылбаевтың туғанына 100 жыл; әдебиет қайраткерлері: Н. Наушабайұлының туғанына 150 жыл, Ж. Баязидтің туғанына 75 жыл толады. Сол сияқты көптеген көпшілікке танымал ғалымдарымыз: Ш. Шаяхметов, Ф. Бәйімбетов; өнер қайраткерлері: Е. Өмірзақов, А. Калугин, Ж. Даненов, Х. Тілемісов; ақын-жазушыларымыз: Қ. Салғарин, Қ. Сәрсекеев, О. Шипин, Б. Ілияс, Н. Мұқатов; мемлекет қайраткерлері: В. Вишниченко, Т. Досмұхамбетов туралы мәліметтер біздің күнтізбегіміздің беттерінен орын алған. Сондай-ақ облысымыздың мәдени, экономикалық, әлеуметтік дамуына ат салысып жатқан ұлттық-мәдени орталықтарының, медицина орталықтарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың даталық күндерін атауға болады

Бұл көрсеткіш Қостанай өлкесінің тарихы туралы біздің кітапханадағы бар мәліметтерді оқырмандарға жеткізу мақсатында құрастырылады. Сондықтан күнтізбегіміз оқырмандарымыздың көмекші құралы әрі құнды анықтамалығына айналып, үлкен сұранысқа ие болады деген сенімдеміз. Басылым негізінен студенттер мен оқытушыларға, ұстаздарға, мекеме қызметкерлеріне, кітапханашыларға және туған өлкеміздің тарихын танып-білгісі келген оқырмандарға арналған.

Күнтізбекте белгілі қоғам қайраткерлері мен ғалымдардың, ақын-жазушылардың, өнер қайраткерлерінің мерейтойлық күндері мен кейбір қысқаша анықтама мен әдебиеттер тізімі ұсынылған. Осы мерейтой иелері туралы мәліметтер мен әдебиеттер тізімі берілген даталар арнайы (*) белгісімен белгіленген.

Күнтізбек негізгі бес бөлімнен тұрады:

1. Қостанай облысының 2009 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндері (жалпы тізім).
2. Қостанай облысының айы мен күні белгісіз 2009 жылы аталып өтілетін күндері (жалпы тізім).
3. Қостанай облысының 2009 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндері (қысқаша мәліметтер мен әдебиеттер).
4. Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.
5. Географиялық көрсеткіші.

Басылымда бұған дейінгі күнтізбектерде жарияланбаған және соңғы 25 жыл ішінде келіп түскен әдебиеттер тізімі ұсынылады. Қосымша ретінде қысқартқан сөздер мен қысқартулар тізімі де көрсетілген. 2009 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері мен оқиғаларының күнтізбегіне 2008 жылдың шілдесіне дейінгі материалдар енгізілген. Күнтізбек материалдарын www.kstounb.kz кітапхана сайтынан алуға болады.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ 2009 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕРІ

Қаңтар

- 1* **Өмірзақов Елубай**, Таран ауданы, 21 - ауылында туған, актер, Қазақстанның халық әртісі, ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі: туғанына 110 жыл (1899-1974).
Қараңыз: Қазақ мәдениеті [Мәтін] : энциклопедиялық анықтамалық / ҚР мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. - Алматы, 2005. - 501-502 б.
- 7 **Кузьмин Михаил Петрович**, Горьков обл. Старинск а. дүниеге келген, Социалистік Еңбек Ері, Киров атындағы совхоздың тракторист-комбайнері: туғанына 80 жыл (1929).
Қараңыз: Герои Социалистического Труда – казахстанцы [Текст] : / сост.: А. Б. Бейсембаев [и др.]. - А. – А., 1970. - Т. 3. - С. 179.
- 7* **Шаяхметов Шайсұлтан Шаяхметұлы**, Науырзым ауданында дүниеге келген, химик, профессор, оқу-ағарту ісінің қайраткері: туғанына 70 жыл (1939-2000).
Қараңыз: Сағадиев, К. Ұлттық деңгейдегі тұлға [Мәтін] : [Ш. Шаяхметовтың туғанына 65 жыл толуына орай] / К. Сағадиев // Қостанай таңы. - 2004. - 20 ақпан. - 3 б; - 24 ақпан. - 3 б.
- 30 **Калугин Александр Иванович**, Николаев қаласында дүниеге келген (Украина), облыстық филармония әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі: туғанына 70 жыл (1939).
Қараңыз: Костанайская область [Текст] : энциклопедия / Костанайский социально-технический университет. - Алматы, 2006. - С. 393.
Боровской селосының **халық театры:** ашылғанына 50 жыл (1959).
Қараңыз: Наш театр в разные годы [Текст] / актеры народного театра // Мендіқара үні. – Голос мендыкаринцев. - 1996. - 19 июля. - С. 2.

Ақпан

- 1* **Вишниченко Валерий Георгиевич**, Қарабалық ауданында туған, Семиозер аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, облыстық комсомол комитетінің хатшысы, Қазақстан халықтары Қостанай облыстық Ассамблеясы төрағасының орынбасары (1998) Парламент Мәжілісінің депутаты (2007): туғанына 60 жыл (1949).
Қараңыз: Алтын дала [Мәтін]: фотокітап / құраст.: Г. Дильдяев. - Алматы, 2005. - 34 б.
- 1 **Даненов Жәкен Жұмағалиұлы**, Қостанай обл. Боровской ауылында туған, режиссер, қоюшы-суретші, ҚР Кинематографистер Одағының, суретшілер Одағының мүшесі: туғанына 60 жыл (1949).
Қараңыз: Қазақстан Республикасында Кімнің Кім екені [Мәтін] : 2004-2006: анықтамалық / А. З. Асылбеков. - Алматы, 2006. - 2 бөлім. - 678 б.
- 2 **Рыдченко Владимир Васильевич**, Урицкий кентінде дүниеге келген, дирижер, Е. Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясының директоры (1976), ҚР мәдениет қайраткері: туғанына 70 жыл (1939).

Қараңыз: Қазақстан Республикасында Кімнің Кім екені [Мәтін] : 2004-2006: анықтамалық / А. З. Асылбеков. - Алматы, 2006. - 2 бөлім. - 716 б.

28 **Ерікті тыңгерлердің алғашқы тобының келуі:** 55 жыл бұрын (1954).

Қараңыз: Қостанай 128 жыл [Мәтін] : фотокітап / по заказу акимата города Костаная. - Қостанай, 2007. - 37 б.

Наурыз

1 «Лисаковская новь» газетінің шыға бастағанына 40 жыл (1969).

Қараңыз: Лисаковск – это мы [Текст] / под ред. А. Я. Ильницкого. - 2-изд-е. - Лисаковск, 2006. - С. 312.

8 **Досмұхамбетов Темірхан Мыңайдарұлы,** Денисов ауд. Минисовка ауылында дүниеге келген, педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Президентінің іс басқарушысы (1998), ҚР туризм және спорт істері министрі (2006): туғанына 60 жыл (1949).

Қараңыз: Қазақстан Республикасында Кімнің Кім екені [Мәтін] : 2004-2006: анықтамалық / А. З. Асылбеков. - Алматы, 2006. - 1 бөлім. - 107 б.

15* **Мұқатов Нағашыбай Оразбайұлы,** Жангелді ауд. Торғай ауылында дүниеге келген, ақын, журналист, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі: туғанына 60 жыл (1949).

Қараңыз: Қазақстан жазушылары. XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / құраст.: Е. Дүйсенбайұлы [және т.б.]. - Алматы, 2004. - 219 б.

19 **Е. Өмірзақов атындағы облыстық филармониясы:** ашылғанына 65 жыл (1944).

Қараңыз: Қостанай 128 жыл [Мәтін] : фотокітап / по заказу акимата города Костаная. – Қостанай, 2007. – 80 б. ; Қостанай филармониясына 60 жыл [Мәтін] / Е. Өмірзақов атындағы обл. филармониясы. - Қостанай, 2005. - 4 б.

25 Қостанай уезіндегі **Колчак әскеріне қарсы күрес:** аяқталғанына 90 жыл (1919).

Қараңыз: КОГА. Ф 72. ОП 32. Д 63 в. Л 25.

30 **Әбіш Дәмер Сәкенұлы,** Челябинск обл. Брединск кентінде туған, журналист ақын-сатирик: туғанына 65 жыл (1944).

Қараңыз: Сүйінов, Е. Жанына жақсылықты жалау еткен [Мәтін] : [журналист, ақын, сатирик, жазушы Д. Әбіш - 60 жаста] / Е. Сүйінов // Қостанай таңы. - 2004. - 30 наурыз. - 4 б.

Қостанай облыстық **Түрікмен ұлттық-мәдени орталығы** ашылғанына 5 жыл (2004).

Қараңыз: Алтын дала [Мәтін]: фотокітап / құраст.: Г. Дильдяев. - Алматы, 2005. - 51 б.

Лисаковск қаласындағы «**Мирас**» медицина орталығы ашылғанына: 10 жыл (1999).

Қараңыз: Арғынбаев, Ж. "Мирас" медициналық орталығы [Мәтін] : [Қостанай обл. Лисаков қ. Ғ. және Р. Садықовтардың "Мирас" мед. орт. ЖШС туралы] // Егемен Қазақстан. - 2005. - 18 наурыз. - 5 б.

Сәуір

- 1*** **Салғарин Қойшығара**, Жангелді ауданында дүниеге келген, жазушы, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, ғалым-зерттеуші, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері: туғанына 70 жыл (1939).
Қараңыз: Қазақстан жазушылары. XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / құраст.: Е. Дүйсенбайұлы [және т.б.]. – Алматы, 2004. – 263 б. ; Қазақ әдебиеті [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық / ҚР мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. - Алматы, 2005. - 451 б.
- 1*** **Сәрсекеев Қоғабай**, Жангелді ауд. Торғай ауылында дүниеге келген, жазушы, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, Халықаралық Еуразия академиясының академигі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қостанай, Торғай қалаларының құрметті азаматы: туғанына 70 жыл (1939).
Қараңыз: Қазақстан жазушылары. XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / құраст.: Е. Дүйсенбайұлы [және т.б.]. - Алматы, 2004. - 272 б.
- 2** Әулікөл ауданының **Сұлукөл** совхозы (ТОО «Сұлукөл племзаводы»): құрылғанына 80 жыл (1929).
Қараңыз: Костанайская область [Текст] : энциклопедия / Костанайский социально-технический университет. - Алматы, 2006. - С. 635.
- 8** «**Зеленое яблоко**» газетінің жарық көргеніне 10 жыл (1999).
Қараңыз: Приймак Ф. Не говорите "Все лучшее - детям", а лучше просто помогите [Текст] : [газете исполнилось 4 года] / Ф. Приймак // Костанайские новости. - 2003. - 8 апреля. - С. 3.

Мамыр

- 5** **Жұмабаев Ғаббас**, Боровской ауд. (қазіргі Меңдіқара), Ақсуат ауылында дүниеге келген, ақын, аудармашы, ҰОС ардагері: туғанына 85 жыл (1924-1980).
Қараңыз: Қазақстан жазушылары. XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / құраст.: Е. Дүйсенбайұлы [және т.б.]. – Алматы, 2004. – 134 б. ; Қайырбеков, Ғ. Есімде менің, сол ақын [Мәтін]: жазушы Ғаббас Жұмабаевтың туғанына 80 жыл // Қостанай таңы. - 2004. - 8 қазан. - 3 б.
- 5** **Баязид Жолбарыс**, Меңдіқара ауд. «Үлгілі» ұжымшарында дүниеге келген, ақын, ҚР Жазушылар Одағы мен Журналистер Одағының мүшесі, Қостанай қаласының құрметті азаматы: туғанына 75 жыл (1934).
Қараңыз: Қазақстан жазушылары. XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / құраст.: Е. Дүйсенбайұлы [және т.б.]. - Алматы, 2004. - 74 б. ; Жүректің толғанысын жыр ғып жаздым, жұртыма айтамын деп жан сырымды [Мәтін] : ҚР Жазушылар Одағының мүшесі ақын Ж. Баязидтің 70-жылдық мерейтойына: библиографиялық әдебиет көрсеткіші / Л. Н. Толстой атындағы Қостанай ОӘҒК; ақпарат-библиографиялық бөлімі. - Қостанай, 2004. - 18 б.
- 18** **Қазақ-түрік лицейі** ашылғанына 15 жыл (1994).
Қараңыз: Ғалиев, Ж. Сабак үш тілде беріледі [Мәтін] : 1 қыркүйектен қазақ-түрік лицейі жұмысын бастайды / Ж. Ғалиев // Қостанай таңы. - 1994. -

30 тамыз. - 1 б.

- 20 Тілемісов Хайдолла Әбдірахманұлы**, Обаған (қазіргі Алтынсарин) ауд. Сатай ауылында туған жазушы, аудармашы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері: туғанына 80 жыл (1929-2000).

Қараңыз: Қазақстан жазушылары. XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / құраст.: Е. Дүйсенбайұлы [және т.б.]. - Алматы, 2004. - 317 б. ; Қалмақов, Т. Барында табынтқан, жоғында сағынтқан [Мәтін] : қаламгер, баспагер Хайдолла Тілемісов туралы сөз // Қостанай таңы. - 2005. - 24 тамыз. - 6 б.

Маусым

- 30 Қостанай әлеуметтік-экономикалық колледжі:** құрылғанына 10 жыл (1999).

Қараңыз: Қостанай әлеуметтік-экономикалық колледжі - кісі қызығатын білім ордасы [Мәтін] / М. Оташұлы // Қостанай таңы. - 2002. - 3 мамыр. - 9 б.

Облыстық қан құю станциясы: құрылғанына 45 жыл (1964).

Қараңыз: Костанайская область [Текст] : энциклопедия / Костанайский социально-технический университет. - Алматы, 2006. - С. 147.

Шілде

- 15 Қозыбаев Сағымбай Қабашұлы**, Меңдіқара ауд. Жаңа тұрмыс ауылында туған, тарих ғылымдарының докторы (1989), профессор (1989), Қазақстан Журналистика академиясының президенті (2001), Еуразиялық академияның академигі (2004): туғанына 65 жыл (1944).

Қараңыз: Қазақстан Республикасында Кімнің Кім екені [Мәтін] : 2004-2006: анықтамалық / А. З. Асылбеков. - Алматы, 2006. - 2 бөлім. - 490 б.

Тамыз

- 5 Бейімбет Майлин ескерткіші:** ашылғанына 15 жыл (1994).

Қараңыз: Әбішев, Д. Қостанайда Би-аға тойы өтуде [Мәтін] : қалада ұлы жазушыға ескерткіш ашылды / Д. Әбішев // Қостанай таңы. - 1994. - 6 тамыз. - 1 б.

- 9* Шипин Омар**, Қостанай (қазіргі Алтынсарин) ауданында Темірқазық а. дүниеге келген, ақын, Қазақ КСР халық ақыны: туғанына 130 жыл (1879-1963).

Қараңыз: Қазақстан [Мәтін] : ұлттық энциклопедия / бас ред. Б. Аяған. - Алматы, 2007. - 9 т. - 514 б.

- 10 Жангисин Бақытжан Құсайынұлы**, Денисов ауд. Ақсу ауылында дүниеге келген, қарымды қаламгер, журналистика ардагері: туғанына 85 жыл (1924).

Қараңыз: Меңдібай, С. Ғажап жан еді [Мәтін] : қайраткер, қарымды қаламгер Бақытжан Жангисиннің туғанына 85 жыл / Сәлім Меңдібай // Қостанай таңы. - 2004. - 10 тамыз. - 3 б. ; Меңдібай, С. Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны еді [Мәтін] : Облыстық "Қостанай таңы" газетінің бұрынғы редакторы Б. Жангисинге ескерткіш тақта орнатылады / Сәлім Меңдібай // Қостанай таңы. - 2005. - 2 қараша. - 1 б.

«Мариям ЛТД» ЖШС, ашылғанына 10 жыл (1999).

Қараңыз: Айқадамова, А. Еңсесі биік емхананың ертеңі айқын [Мәтін] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. - 2005. - 23 ақпан. - 1б.

Қыркүйек

- 1** Қостанай екі жылдық мұғалімдік институт, (1944 ж. А. Имановтың аты берілді, 1955 ж. Қостанай педагогикалық институты болып құрылды, 1972 ж. КСРО-ның 50 жылдығы атындағы, 1992 ж. университет, 1996 жылдан бастап А. Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ, қазір Қостанай педагогикалық институты): құрылғанына 70 жыл (1939).
Қараңыз: Қазақ ССР [Мәтін] : 4 томдық қысқаша энциклопедия / бас ред. Р. Нұрғалиев. - А. - А., 1988. - 3 т. - 329 б.
- 9** Қостанай облыстық онкологиялық диспансері: ашылғанына 50 жыл (1959).
Қараңыз: КОГА. Ф 1604. ОП. 1 Д. Л 2.
- 15** Аманкелді ауд. Аманкелді ауылындағы **А. Иманов** атындағы мемориалдық мұражай: ашылғанына 40 жыл (1969).
Қараңыз: Төлегенова, А. Мұражай - рухани мәдениет ошағы [Мәтін] / А. Төлегенова // Бастауыш мектеп. - 2004. - № 1. - 60-62 б.
- 17** **Арқалық педагогика училищесі**, 1997 жылдан бастап Торғай гуманитарлық колледжі деп аталды: ашылғанына 30 жыл (1979).
Қараңыз: Аркалык – город сильных и стойких духом. [Текст] : детская энциклопедия / ред. Е. С. Цвентух. - Аркалык, 2004. - 1 т. - 215 б.
- 21** **Бадыров Қапан Оралұлы**, Карабалық ауд. Табын ауылында дүниеге келген, актер, Қазақ КСР халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты: туғанына 105 жыл (1904-2000).
Қараңыз: Қазақ мәдениеті [Мәтін] : энциклопедиялық анықтамалық / ҚР мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. - Алматы, 2005. - 106 б.
- 24** **Өзденбаев Хасен**, Карабалық ауданының II ауылында дүниеге келген, жазушы, аудармашы, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері: туғанына 105 жыл (1904-1992).
Қараңыз: Қазақстан жазушылары. XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / құраст.: Е. Дүйсенбайұлы [және т.б.]. - Алматы, 2004. - 248 б.
- 4** Қостанай **уездік халық білім бөлімі**: ашылғанына 90 жыл (1919).
Қараңыз: Народное образование на территории Кустанайской области (1918-1936 гг.) [Текст] : сб. документов / Гос. Архив Костанайской области. - Костанай, 2000. - С. 17.

Қазан

- 10** **Сандригайло Николай Фадеевич**, Еңбек Ері, ССКБК директоры қызметін атқарған: туғанына 100 жыл (1909-1982).
Қараңыз: Рудный [Текст] / коллектив авторов под рук. Н. Я. Князевой. - Костанай, 1997. - С. 212.
- 13** «**Тың игерушілер**» монументіне: 25 жыл (1984).

Қараңыз: Мендібай, С. Тарихымыздың бір беті - тың игеру [Мәтін] : [Қостанайдың қақ ортасына орналасқан тың игерушілердің зәулім монументі туралы] // Қостанай таңы. - 2006. - 8 қыркүйек. - 5 б.

14 Берденова Күләш Әбілқызы, Ұзынкөл ауданында туған, тарихшы, тарих ғылымдарының докторы: туғанына 70 жыл (1939).

Қараңыз: Костанайская область [Текст]: энциклопедия / Костанайский социально-технический университет. - Алматы, 2006. - С. 255.

16 Қарасу ауданы: құрылғанына 70 жыл (1939).

Қараңыз: Алтын дала [Мәтін] : фотокітап / құраст.: Г. Дильдяев. - Алматы, 2005. - 284 б.

16 Ұзынкөл ауданы: құрылғанына 70 жыл (1939).

Қараңыз: Алтын дала [Мәтін] : фотокітап / құраст.: Г. Дильдяев. - Алматы, 2005. - 304 б.

18 Дүзенов Мұхамеджан, Жангелді ауданында дүниеге келген, жазушы, аудармашы, драматург: туғанына 85 жыл (1924-1979).

Қараңыз: Қазақстан жазушылары. XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / құраст.: Е. Дүйсенбайұлы [және т.б.]. - Алматы, 2004. - 104 б. ; Қазақ әдебиеті [Мәтін] : энциклопедиялық анықтамалық / ҚР мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. - Алматы, 2005. - 171 б.

Қараша

7* Илияс Байтұрсын Жүнісбекұлы, Торғай облысының Торғай елді мекенінде дүниеге келген, ақын, журналист: туғанына 70 жыл (1939).

Қараңыз: Байтұрсын Илияс [Мәтін] : [қазанама] / М. Оташұлы // Қостанай таңы. - 2003. - 11 қараша. - 5 б

15 Майлин Бейімбет Жармағамбетұлы, Таран ауд. қазіргі Майлин атындағы совхозда дүниеге келген, жазушы, драматург, қоғам қайраткері: туғанына 115 жыл (1894-1939).

Қараңыз: Қазақстан жазушылары. XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / құраст.: Е. Дүйсенбайұлы [және т.б.]. - Алматы, 2004. - 201 б.

16 Бекенов Аманқұл, Жанкелді ауданында дүниеге келген, ғалым, биология ғылымдарының докторы (1991), профессор (1993): туғанына 70 жыл (1939).

Қараңыз: Қазақстан [Мәтін] : ұлттық энциклопедия / бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы, 1999. - 2 т. - 255 б.

19 Айтмағанбетов Әбдібек, спортшы, тоғызқұмалақ біріншілігінің чемпионы: туғанына 70 жыл (1939).

Қараңыз: Жүсіпов, Ж. Ұстазым еді ардақты [Мәтін] / Ж. Жүсіпов // Біздің Торғай. - 2007. - 6 сәуір. - 2 б.

27 Республикалық ғылыми-техникалық кітапханасының Қостанай филиалы: ашылғанына 35 жыл (1974).

Қараңыз: Костанайская область [Текст] : энциклопедия / Костанайский социально-технический университет. - Алматы, 2006. - С. 260.

30 Алтынсарин-Хромтау стансасы: ашылғанына 5 жыл (2004).

Қараңыз: Оспанова, Қ. Жаңа темір жолдың тұсауы кесілді [Мәтін] / Қарлығаш Оспанова // Қостанай таңы. - 2004. - 3 желтоқсан. - 1-2 б.

Желтоқсан

- 10** Қостанай медициналық училищесі (қазіргі медколледж) ашылғанына 80 жыл (1929).
Қараңыз: Қазақ ССР [Мәтін]: 4 томдық қысқаша энциклопедия / бас ред. Р. Нұрғалиев. - А. - А., 1988. - 3 т. - 329 б.
Алтын дала [Мәтін] : фотокітап / құраст.: Г. Дильдяев. - Алматы, 2005. - 269 б. ; Қалмақов, Е. Абзал жандарды түлеткен [Мәтін]: Қостанай медициналық колледжі / Ерлан Қалмақов // Алға. - 2006. - № 3. - 8 б.
- 22** **Бәйімбетов Фазылхан**, Жанкелдин ауданының Алтынсарин совхозында дүниеге келген, физика-математика ғылымының докторы (1995), профессор (1988), ҚазҰҒА корреспондент-мүшесі (1995): туғанына 70 жыл (1939).
Қараңыз: Қазақстан [Мәтін] : ұлттық энциклопедия / бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы, 1999. - 2 т. - 225 б.
- 22*** **Кенжеахметұлы Сейіт**, Жанкелдин ауд. Қызбел аймағындағы «Сарықопа» деген жерде туған, жазушы, сатирик, этнограф: туғанына 70 жыл (1939).
Қараңыз: Қазақстан жазушылары. XX ғасыр [Мәтін]: анықтамалық. – Алматы, 2004. - 161 б. ; Қазақ әдебиеті [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық / ҚР мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. - Алматы, 2005. - 263 б.
«Баян Сұлу» Қостанай кондитер фабрикасы ашылғанына 35 жыл (1974).
Қараңыз: Қостанай 125 жыл [Мәтін] : фотокітап / Қостанай қаласы әкімдігі мен мәслихатының тапсырмасы бойынша ; С. Харченко. - Қостанай, 2004. - 44 б.
«Беларусь» ұлттық мәдени орталығы: құрылғанына 10 жыл (1999).
Қараңыз: Алтын дала [Мәтін] : фотокітап / құраст.: Г. Дильдяев. - Алматы, 2005. - 48 б.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ КҮНІ МЕН АЙЫ БЕЛГІСІЗ 2009 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН КҮНДЕРІ.

(жеке тұлғалар мен оқиғалар үлкеннен кішіге берілген).

- Наушабайұлы Нұржан**, Қостанай ауданында дүниеге келген, қазақ ақыны, әнші, балуан: туғанына 150 жыл (1859-1919). **150***
- Қараңыз:** Қазақ ССР [Мәтін] : 4 томдық қысқаша энциклопедия / бас ред. Р. Нұрғалиев. - А. - А., 1989. - 4 т. - 459 б.
- Алтынсарин мектептері**, Ы. Алтынсарин ұйымдастырған оқу орындары Торғай облысында ашылды: ашылғанына 145 жыл (1864). **145**
- Қараңыз:** Қазақстан [Мәтін] : ұлттық энциклопедия / бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы, 1998. - 1 т. - 320 б. ; Мұсабаев, Х. Тұңғыш мектептің 140 жылдық мерейтойы [Мәтін] / Х. Мұсабаев // Қостанай таңы. - 2004. - 25 мамыр. - 8 б.
- Қостанай қ. **екі сыныптық орыс-қазақ училищесі** құрылғанына 125 жыл (1884). **125**
- Қараңыз:** Алтын дала [Мәтін] : фотокітап / құраст.: Г. Дильдяев. - Алматы, 2005. - 249 б.
- Жанкелдин Әліби Тоғжанұлы**, Қостанай обл. Аманкелді ауданында туған мемлекет және қоғам қайраткері: туғанына 125 жыл (1884-1953). **125***
- Қараңыз:** Қазақстан [Мәтін] : ұлттық энциклопедия / бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы, 2001. - 3 т. - 531 б.
- Әбіқаев Ахметхан**, Жангелді ауд. Шилі ауылында дүниеге келген ақын, күйші, шешен, актер-сатирик, балуан: туғанына 105 жыл (1904-1986). **105**
- Қараңыз:** Қазақ әдебиеті [Мәтін] : энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2005. - 70 б. ; Мырзағалиева, К. Ахметхан ақын [Мәтін] : [туғанына 100 жыл] / Күлзада Мырзағалиева // Қостанай таңы. - 2004. - 6 қазан. - 6 б.
- Дауылбаев Оймауыт Алматыұлы**, Торғай уезінің Қараағаш а. дүниеге келген, қоғам қайраткері, қудалаудың құрбаны: туғанына 100 жыл (1909-1937). **100***
- Қараңыз:** Оспанова, Қ. Шоқтығы биік жан еді. Өттегең... [Мәтін] : [37-нің құрбаны Оймауыт Дауылбаев туралы сыр] / Қарлығаш Оспанова // Қостанай таңы. - 2006. - 9 тамыз. - 6 б.
- Қостанай баспаханасы негізінде қаланды (1919), 1999 жылдан бастап «**Қостанайполиграфия**» ААҚ қайта құрылды: құрылғанына 90 жыл (1919). **90**
- Қараңыз:** Қостанайлық авторлардың кітаптары (1991-2003 жылдың алғашқы жарты жылдығы) [Мәтін] : библиографиялық көрсеткіш / Л. Н. Толстой атындағы Қостанай ОӘҒК; ақпарат-библиографиялық бөлімі. - Қостанай, 2003. - 6 б.
- Хайдаров Сафаржан**, Мендіқара ауданы, Сексенбай ауылында туған, жазушы, аудармашы, журналист: туғанына 85 жыл (1924-1972). **85**

- Қараңыз:** Қазақстан жазушылары. XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / құраст.: Е. Дүйсенбайұлы [және т.б.]. - Алматы, 2004. - 323 б
- Қайырбеков Жақсынтай Қайырбекұлы,** Жанкелдин ауданында туған, химия ғылымдарының докторы, (1997), профессор (1998): туғанына 65 жыл (1944). **65**
- Қараңыз:** Тұрысова, Б. Ғылымның биігінен орнын тапқан [Мәтін] [профессор Ж. Қайырбеков туралы] / Б. Тұрысова // Қазақстан Заман. - 2004. - 12 наурыз. - 11 б.
- Соколов-Сарыбай** кен орны: ашылғанына 60 жыл (1949). **60**
- Қараңыз:** Соколовско-Сарбайское горно-обогатительное производственное объединение [Мәтін] / АО ССГПО. - Рудный, 1998. - 5 б.
- Металлургия саласының ірі кәсіпорны **Соколов-Сарыбай** кен байыту комбинаты ретінде құрылғанына 55 жыл (1954). **55**
- Қараңыз:** Қазақстан [Мәтін] : ұлттық энциклопедия / бас редакторы Ә. Нысанбаев. - Алматы, 1998. - 1 т. - 320 б.
- Қостанай қалалық ауруханасы:** ашылғанына 50 жыл (1959). **50***
- Қараңыз:** Хасенов, Е. Емі шипалы емдеу орны [Мәтін] / Ермекбай Хасенов // Қостанай таңы. - 2005. - 9 ақпан. - 3 б.
- Қостанай автомобиль транспорты техникумы,** қазіргі автомобиль транспорты колледжі: құрылғанына 50 жыл (1959). **50**
- Қараңыз:** Қазақ ССР [Мәтін]: 4 томдық қысқаша энциклопедия / бас ред. Р. Нұрғалиев. - А. - А., 1988. - 3 т. - 328 б.
- Науырзым ауданы:** құрылғанына 45 жыл (1964). **45**
- Қараңыз:** Алтын дала [Мәтін] : фотокітап / құраст.: Г. Дильдяев. - Алматы, 2005. - 318 б.
- Джаз және эстрадалық музыка оркестрі:** ұйымдастырылғанына 40 жыл (1969). **40**
- Қараңыз:** Қостанай филармониясына 60 жыл [Мәтін] / Е. Өмірзақов атындағы облыстық филармониясы. - Қостанай, 2005. - 4 б.
- Қостанай темір жол вокзалы** ғимараты: салынғанына 35 жыл (1974). **35**
- Қараңыз:** Алтын дала [Мәтін] : фотокітап / құраст.: Г. Дильдяев. - Алматы, 2005. - 60 б.
- Қостанай немістерінің «Возрождение» қоғамы:** құрылғанына 20 жыл (1989). **20**
- Қараңыз:** Алтын дала [Мәтін] : фотокітап / құраст.: Г. Дильдяев. - Алматы, 2005. - 41 б.
- ҚӘТУ** (бұрынғы Қостанай әлеуметтік академиясы): ашылғанына 5 жыл (2004). **5**
- Қараңыз:** Қостанай 125 жыл [Мәтін] : фотокітап / Қостанай қаласы әкімшілігі мен мәслихатының тапсырмасы бойынша; С. Харченко. - Қостанай, 2004. - 76 б.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ 2009 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕРІ

(қысқаша мәліметтер мен әдебиеттер)

1 қаңтар

Туғанына
110
жыл

Өмірзақов Елубай
(1899-1974)

Қостанай облысы, Таран ауданында туған. Актер, ұлттық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, Қазақстанның халық әртісі. 1923-25 ж. Орынбор қаласындағы Қазақтың халық ағарту институтында оқыған. 1923-24 ж. Орынбордағы Я.М. Свердлов атындағы клуб жанынан ұйымдастырылған әуесқойлар труппасының «Еңлік-Кебек» пен «Малқамбай» спектакльдерінде Абыз бен Малқамбай рөлінде ойнады, 1925 ж. Қызылорда қаласындағы Қазақ драма театрына қабылданды. Алғашқы жылдары Ө. Әліш (Майлиннің «Майданында»), Диуана (Ж. Шаниннің «Арқалық батырында»), Жапал (Әуезовтің «Еңлік-Кебегінде»), Зарлық (Ө. Оспанов пен Е. Өтеулиннің осы аттас пьесасында), Рамазан (Ж. Тілепбергеновтің «Перизат-Рамазанында»), т. б. рөлдерді орындады. 1931 ж. қазақ сахна шеберлері қатарынан режиссер Ж. Шанинмен бірге республиканың тұңғыш халық әртісі атағына ие болды. Ол қазіргі Қазақ академиялық опера және балет театрын (1934) ұйымдастырушылардың бірі болуымен қатар, осы театр сахнасында қойылған М. Әуезов пен И. В. Коцықтың «Айман-Шолпан» және Б. Майлин мен Е. Г. Брусиловскийдің «Жалбыр» сияқты музыкалық спектакльдерінде Жарас пен Қайрақбайдың рөлін орындады.

Актер 150-ден астам рөлдерде ойнаған. 1938 жылдан бастап киноға түскен: Жексен («Райханда»), Ерден («Абай әнінде»), Шал («Атамекенде»), т. б. КСРО (1952) және Қазақстан (1968) Мемлекеттік сыйлығының иегері. 1975 жылдан Алматыда ол тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылып, актер есімімен көше (бұрынғы 14 линия) және Қостанай облыстық филармониясы аталады. Бірнеше орден, медальдармен марапатталған.

2004 жылға дейінгі мағлұматтарды «2004 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінен» қараңыз.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Балтабаева Ажар. Сахна серкесі - Ел-ағаң [Мәтін] : Біздің даңқты жерлестеріміз / Ажар Балтабаева // Қостанай таңы. - 2007. - 11 желтоқсан. - 5 б.
2. Байсейітов, Қ. Құштар көңіл [Мәтін] / Қ. Байсейітов. - Алматы, 2004. - 232 б.
3. Кенжетаев, К. Асылдар мен Ардақтылар [Мәтін] : естеліктер / К. Кенжетаев. - Алматы, 2002. - 296 б.

Шаяхметов
Шайсұлтан Шаяхметұлы
(1939-2000)

Науырзым ауданында дүниеге келді. Химик, химия ғылымдарының кандидаты, профессор. 1950 жылы 11 жасында Науырзым бастауыш мектебінің үздік түлегі атанып, «Мақтау қағазы» мен куәлігін алды. Шайсұлтанның балалық, жастық шағы қиыншылық жағдайда өтіп жатты, алайда тұрмыс төмендігіне мойымай ағайынды үш бала, ағасы Шәйт, інісі Мерген Айтжан апамыз аналық жүрегімен жетелеген еңбегі арқасында 1953-56 жылдары Әуликөл қазақ орта мектебінде қатарлас оқыды. 1956 жылы осы мектепті алтын медальмен бітірді. Әуликөл өңірінде білім саласында тұңғыш «алтын медаль» жарқ етті.

1956-1957 жылдары Алматының бір жоғары оқу орнында инженерлік мамандыққа оқып жүргенде-ақ арманы атақты М. Ломоносов атындағы Мәскеу университетінің химия факультетіне түсу еді. Келесі оқу жылы осы ойына жетті. Шайсұлтан аты бүкіл әлемге әйгілі Мәскеудің М. Ломоносов атындағы университетінің химия факультетін ойдағыдай бітіріп шықты.

Ол оқудан кейінгі аз уақыт үзілістен соң 1964-1967 жылдары Мәскеудің ғылыми-зерттеу институтында оқыды. 70-жылдардың бас кезінде химия ғылымдарының кандидаттығын қорғап шықты. Дегенмен ғылыми ізденістерін әрі қарай нәтижелі жалғастыра алмады. Өйткені оған басқару органдарының шешімімен көп жылдар бойы еліміздегі оқу жүйесін ұйымдастыру, оған басшылық етуге тура келді. Ұзақ уақыт Қазақстан Министрлер Кеңесінде осы оқу-ағарту саласын басқарады, кейіннен 8 жыл қатарынан Оқу министрі болып қызмет етеді. Қазақстан егемендік алып, дербес саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар жүргізе бастады. Осы жылдары ол басқарған саласы «Тілдер туралы» заңдарды орындауына, әсіресе қазақ білімін дамытудың жан-жақты қамдарын жасап, бағдарламаларды іске асырды.

2001 жылы Сұлукөл орта мектебіне Шайсұлтан Шаяхметов есімі берілді. Әуликөлде оған арналған көше бар, ол сол ауданның құрметті азаматы. 2004 жылы «Шайсұлтан Шаяхметов: азамат, ғалым, қайраткер» деген атпен үлкен көлемді естеліктер жинағы жарық көрді.

Шығармалары:

1. Аманат [Мәтін] : өлеңдер / Ш. Шаяхметов. - Алматы, 2001. - 95 б.

1. Жоғары білімге - биік талап [Мәтін] : [ҚР Білім беру министрі Ш. Шаяхметовпен әңгіме] / әңгімелескен Бақтияр Сманов // Ақиқат. - 1993. - № 9. - 10-15 б.

2. Шаяхметов Шайсұлтан. Ұлы мұрат - ұлттық мектеп [Мәтін] : [жас ұрпақтың ана тілінде білім алуы жайында] / Шайсұлтан Шаяхметов // Қазақстан мектебі. - 1993. - № 1. - 3-5 б.

3. Шайсұлтан Шаяхметов: «Тұсауымызды кескен - қазақша күрес» [Мәтін] : [ҚР білім министрі, Қазақстан самбо федерациясының президенті Ш. Шаяхметовпен

әңгіме] / әңгімелескен Қыдырбек Рысбекұлы // Егеменді Қазақстан. - 1992. - 24 қыркүйек . - 4 б.

4. Шаяхметов Шайсұлтан: «Біз біркелкі ұқсастықтан арылдық» [Мәтін] / Шайсұлтан Шаяхметов // Қазақстан мұғалімі. - 1992. - 4 тамыз . - 1 б.

5. Шаяхметов Шайсұлтан. Білімге құштар жас толқын [Мәтін] / Ш. Шаяхметов // Егемен Қазақстан. - 1992. - 17 маусым.

6. «Білім – балдағы алтын алдаспан...» [Мәтін] : [ҚР Халыққа білім беру министрі Ш. Шаяхметовпен сұхбат] / әңгімелескен Жаңабек Шағатай // Ақиқат. - 1992. - 12 маусым. - 4 б.

7. Шаяхметов Шайсұлтан. Ыбырай тағлымы [Мәтін] / Шайсұлтан Шаяхметов // Қостанай таңы. - 1991. - 25 желтоқсан. - 2 б.

8. Шайсұлтан Шаяхметұлы: «Өзгермелі өмірдің өнегесі» [Мәтін] : [ҚР Халыққа білім беру министрі Ш. Шаяхметовпен әңгіме] / әңгімелескен Дүкенбай Досжанов // Жалын. - 1991. - № 6. - 37-41 б.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Қалымбайұлы Ержан. Орталыққа тіл жанашырының есімі берілді [Мәтін] / Ержан Қалымбайұлы // Айқын. - 2008. - 16 сәуір. - 5 б.

2. Ермекбайұлы, Ә. Шәкіртім [Мәтін] : Шайсұлтан Шаяхметов туралы әңгіме / Ә. Ермекбайұлы // Қостанай таңы. - 2006. - 24 қараша. - 10 б.

3. Сағадиев, К. Ұлттық деңгейдегі тұлға [Мәтін] : [Ш. Шаяхметовтың туғанына 65 жыл толуына орай] / К. Сағадиев // Қостанай таңы. - 2004. - 20 ақпан. - 3 б; - 24 ақпан. - 3 б.

4. Қалиұлы Серғазы. Есімдері ел есінде қалған үш қайраткер [Мәтін] : [білім беру саласының ардагерлері Ә. Сембаев, М. Ғабдуллин, Ш. Шаяхметов туралы] / Серғазы Қалиұлы // Қазақстан мектебі. - 2003. - № 4. - 72-74 б.

5. Шайсұлтан Шаяхметұлы Шаяхметов [Мәтін] : [қазанама] / ҚР Үкіметі // Егемен Қазақстан. - 2000. - 30 маусым. - 7 б.

6. Атажұрттың қолдауы аса қажет [Мәтін] : [ҚР Ұлт саясаты жөніндегі мем. ком. төрағ. орынбасары Ш. Шаяхметовпен әңгіме] // Егемен Қазақстан. - 1997. - 7 қаңтар. - 2 б.

1 ақпан

Туғанына

60

жыл

Вишниченко

Валерий Георгиевич

(1949)

Қарабалық ауданында дүниеге келген. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген. Мамандығы бойынша математика пәнінің мұғалімі. Сондай-ақ саясаттанушы. Алматы саясаттану және басқару институтын тәмамдаған.

Семиозер аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, облыстық комсомол комитетінің хатшысы болды. Облыс әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімін басқарды.

1998 жылдан бастап Қазақстан халықтары Ассамблеясы төрағасының орынбасары, ұйымның хатшылығын басқарды.

2007 жылдың тамыз айынан бастап ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты қызметін атқарып келеді.

Шығармалары:

1. Орталықтар өркендеу үстінде [Мәтін] : [ұлттық-мәдени орталықтар] / В. Вишниченко // Егемен Қазақстан. - 2003. - 25 қазан. - 3 б.

2. Біздің ортақ үйіміз [Мәтін] / В. Вишниченко // Қостанай таңы. - 2000. - 24 қазан. - 3 б.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Сейтақ Айбатыр. "Жаңа Қазақстан" тобы құрылды [Мәтін] : [мәжілісте "Жаңа Қазақстан" атты депутаттық топ құрылды] / Сейтақ Айбатыр // Айқын. - 2007. - 23 қазан. - 2 б.

2. Шәріп Айхан. Ассамблея жаңа даму кезеңіне аяқ басты [Мәтін] / Шәріп Айхан // Айқын. - 2007. - 7 тамыз. - 1 б.

3. Оспанов, М. Рухани әуен фестивалі [Мәтін] / Мейрам Оспанов // Қостанай таңы. - 2005. - 30 қараша. - 2 б.

4. Меңдібай, С. Биікке самғар қанат берген [Мәтін] : Қостанай меценаттар клубының "Қазына" және "Шабыт" сыйлықтары тапсырылды / С. Меңдібай // Қостанай таңы. - 2005. - 22 сәуір. - 4 б.

5. Әбіш, Д. Үміттің жібі үзілмей... үш құрбы қайта қауышты [Мәтін] : [орыс мәдени-ұлттық орталығының ұйымдастыруымен әйелдер мейрамында Қостанайда тұратын соғыс ардагерлері кездесті] / Дәмер Әбіш // Қостанай таңы. - 2005. - 11 наурыз. - 1 б.

6. Тұрақтылық пен жасампаздық кепілі [Мәтін] // Қостанай таңы. - 2005. - 1 наурыз. - 4 б.

15 наурыз

Туғанына

60

Жыл

Мұқатов

Нағашыбай Оразбайұлы

(1949)

Жанкелдин ауданы, Торғай ауылында туған. 1970 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың журналистика факультетін бітіріп, Жанкелдин аудандық газетінде әдеби қызметкер, Торғай, Қостанай облыстық радиоларында редактор, Қазақ радиосының Торғай облысындағы меншікті тілшісі, Қостанай теледидарының бас редакторы қызметтерін атқарған.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Н. Мұқатов сегіз қырлы, бір сырлы ақын. Өлеңді мектеп қабырғасында жазған. Оның бірқатар жырлары ән сөзіне айналды. Аудандық, облыстық ақындар айтыстарына қатысып, бірнеше мәрте жеңімпаз болған. 1972 жылы Шымкент қаласында өткізілген тұңғыш жас ақындар фестиваліне қатысқан. Әр жылдары жарық көрген «Сөйле, жүрек», «Айналайын адамдар», «Ақбұлақ» өлеңдер, «Жанымның жасыл жапырақтары» атты лирикалық, «Күлкім келеді» сатиралық кітаптарының авторы.

Қаламгердің тағы бір қыры сатира жанрынан көрінеді. Автор қаламынан көптеген скетчтер мен шағын сатиралық туындылар туды. Олардың біразы республикалық «Тамаша» әзіл-сықақ отауының сахнасында қойылды. Нарық заманындағы халықтың көңіл-күйі, ұмытылып бара жатқан қазақ дәстүрі, ана тілін қорлаушылар оның назарынан тыс қалған емес.

Торғай өңірінің мәдени-әлеуметтік өміріне белсене араласып, оған қосқан үлесі үшін «Торғай қаласының құрметті азаматы» атағы берілді. Сондай-ақ Қостанай қалалық «Қазақ тілі» қоғамының шешімімен «Ұлтжанды азамат» сыйлығының иесі атанды.

2007 жылдан бастап Ы. Алтынсарин атындағы мемориалдық мұражайдың директоры қызметін атқарады.

Шығармалары:

1. Айналайын адамдар [Мәтін] : өлеңдер / Н. Мұқатов. - Алматы, 1996.- 120 б.
2. Ақ бұлақ [Мәтін] / Н. Мұқатов. - Қостанай, 2003. - 232 б.
3. Күлкім келеді.. [Мәтін] : интермедиялар, скетчтер мен пародиялар / Н. Мұқатов. - Астана, 1999. - 91 б.
4. Қазыналы Қайнекей [Мәтін] / Н. Мұқатов. - Алматы, 2007. - 198 б.

* * *

1. Әдебиетті сүйейік, әлеумет [Мәтін] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2008. - 22 шілде. - 5 б.
2. Шуағын шартарапқа шашыратқан [Мәтін] : (Республика Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын оқығанда туған ой) / Н. Мұқатов // Егемен Қазақстан. - 2008. - 28 наурыз. - 2 б.
3. Аңызға айналған адам [Мәтін] : Халық әртісі Серәлі Қожамқұлов туралы сыр / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2008. - 20 ақпан. - 5 б.
4. Серікбайдың домбырасы [Мәтін] / Н. Мұқатов // Ақиқат. - 2008. - № 1. - 83-87 б.
5. Қайырымды, қабілетті Қайнекей [Мәтін] : (көрнекті жазушының кейбір қырлары жайлы сыр) / Нағашыбай Мұқатов // Қостанай таңы. - 2007. - 27 қараша. - 5 б.
6. Ұмытылмайтын ұл [Мәтін] : / Нағашыбай Мұқатов // Қостанай таңы. - 2007. - 20 қараша. - 5 б.
7. Әр сөзін салмақтаған [Мәтін] : ақын, жазушы, публицист, жерлесіміз Нұрғожа Ораздың 75 жылдық мерейтойы / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2007. - 7 қараша. - 4 б.
8. Бал тілді сандуғашы сахнаның [Мәтін] : (Республикаға танымал көркемсөз оқу шебері Кеңес Бірмағанбетоваға) / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2007. - 12 қазан. - 7 б.

9. Теріс бата алғандай тентіреген.. [Мәтін] : / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2007. - 19 қыркүйек. - 5 б.
10. Астана - алты алаштың айнасы [Мәтін] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2007. - 21 тамыз. - 4 б.
11. Дауыс беремін! [Мәтін] : өлең / Н. Мұқатов // Егемен Қазақстан. - 2007. - 16 тамыз. - 1 б.
12. Өмір сүру [Мәтін] : әңгіме / Н. Мұқатов // Егемен Қазақстан. - 2007. - 20 шілде. - 10 б.
13. Армандарым-ай, бұлттан әрі ұшқан [Мәтін] : (АҚШ-қа сатылып кетіп жатқан қазақ балаларының тағдыры туралы ой) / Н. Мұқатов // Жаңа Сарыарқа. - 2007. - № 6. - 64 б.
14. Арнау өлеңдер [Мәтін] : өлеңдер / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2007. - 12 қаңтар. - 4 б.
15. Бес саусақ [Мәтін] : өлеңдер / Н. Мұқатов // Біздің Торғай. - 2006. - 15 желтоқсан. - 3 б.
16. Тәуелсіздік қой желтоқсандағы жеңісім [Мәтін] / Н. Мұқатов // Қостанай. - 2006. - 12 желтоқсан. - 4 б.
17. Мейірімдінің өспей ме гүлі тасқа [Мәтін]: өлең / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2007. - 5 желтоқсан. - 6 б.
18. Жалған дүние әрі шаттық, әрі мұң... [Мәтін] / Н. Мұқатов // Жұлдыз. - 2007. - № 12. - 13-19 б.
19. Қалтарыста қалмасын [Мәтін]: Қазақ баспасөзі туралы сөз / Н. Мұқатов // Қазақ әдебиеті. - 2007. - 9-15 қараша. - 3 б.
20. Қан жұтқан қара асфальтқа қарағанда [Мәтін] : өлеңдер / Н. Мұқатов // Жас өркен - Қостанай. - 2007. - № 1. - 10 б.
21. Намыс [Мәтін]: өлеңдер / Н. Мұқатов // Қостанай. - 2006. - 21 қараша. - 4 б.
22. Жүрегімнен жұлқынған жылы сезім [Мәтін] : [Аманкелді ауд. ұзақ жылдар бойы басшылық қызметте болған Ә.С. Диханбаевтың 60 жылдық мерейтойына өлең] / Н. Мұқатов // Аманкелді арайы. - 2006. - 17 қараша. - 3 б.
23. Өтіп жатыр өңкей бір ән жарысы [Мәтін] : өлеңдер / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2006. - 17 қараша. - 5 б.
24. Ағаға қарап, іні өсер [Мәтін] : Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Асылхан Мүсәпіровпен сұхбат / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2006. - 8 қараша. - 4 б.
25. Бағбан [Мәтін] : Қазмағанбет Қаженұлы Бексұлтанов / Н. Мұқатов // Егемен Қазақстан. - 2006. - 25 қазан. - 16 б.
26. Өрнегі бөлек өлеңдер [Мәтін] : ақын Қайнекей Жармағамбетов лирикалары туралы сыр-толғам / Н. Мұқатов // Ақиқат. - 2006. - № 10. - 53-59 б.
27. Сезімі менен сөзіне ғана сүйенген [Мәтін] : жерлесіміз, көрнекті ақын Кеңшілік Мырзабеков туралы сөз / Нағашыбай Мұқатов // Қостанай таңы. - 2006. - 27 қыркүйек. - 6 б.
28. Қарттарға қарап, қалың ойға батамын [Мәтін] : [көкейтесті мәселе] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2006. - 18 тамыз. - 5 б.
29. Ақынын ардақтаған ел азбас [Мәтін] : [көрнекті ақын С. Тұрғынбекұлының 60 жылдық мерейтойынан кейінгі ой] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2006. - 4 тамыз. - 4 б.

30. Қапыда қалғыған қайран дос! [Мәтін] : (жерлес жазушы, марқұм Д. Нұр-мұханбет туралы үзік сыр) / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2006. - 11 шілде. - 5 б.
31. Батаны да орысша береміз бе? [Мәтін] : немесе туған тілдің көп түйткілдері туралы толғаныс / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2006. - 9 маусым. - 6 б.
32. Қиналып, қисынын таппай мен отырдым [Мәтін] : (Жангелдин ауданы, Көкалат ауылында тұратын қарт жырау М. Есмағанбетовке) / Н. Мұқатов // Біздің Торғай. - 2006. - 19 мамыр. - 3 б.
33. Торғайға бардым [Мәтін] : жаңа өлеңдер / Н. Мұқатов // Біздің Торғай. - 2006. - 19 мамыр. - 3 б.
34. Жаңа өлеңдер [Мәтін] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2006. - 17 мамыр. - 6 б.
35. Аққу - жыр Астананың аспанында [Мәтін] : (Көрнекті ақын, жерлесіміз С. Тұрғынбекұлының 60 жасқа толу мерейтойынан) / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2006. - 25 сәуір. - 5 б.
36. Тұңғыш [Мәтін] : (Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевқа) / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2005. - 6 желтоқсан. - 2 б.
37. Алдымнан жолығар әлі алуан ісің [Мәтін] : [Академик З. Алдамжар қазасына] / Нағашыбай Мұқатов // Қостанай таңы. - 2005. - 9 қараша. - 3 б.
38. Сұлулық саған қарап өтер едім...[Мәтін]: өлеңдер / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2005. - 9 қараша. - 4 б.
39. Қара тас қатыгездік кімге керек [Мәтін] : өлең: / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2005. - 19 тамыз. - 6 б.
40. Кестелесін көкірек көркем жырды [Мәтін] : өлеңдер / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2005. - 8 сәуір. - 8 б.
41. Тәубе [Мәтін] : өлең / Нағашыбай Мұқатов // Егемен Қазақстан. - 2005. - 2 сәуір. - 1 б.
42. Досжан достың айтқандары [Мәтін] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2005. - 1 ақпан. - 5 б.
43. Республикам менің... [Мәтін] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2004. - 16 желтоқсан. - 3 б.
44. Киелі өлеңмен ойнайтындар ойланса екен [Мәтін] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2004. - 22 қазан. - 6 б.
45. Еділбай қойы - ел байлығы [Мәтін] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2004. - 29 қыркүйек. - 6 б.
46. Ен даланың Еділбайлары ескерусіз қала ма? [Мәтін] / Н. Мұқатов // Қазақ әдебиеті. - 2004. - 24 қыркүйек. - 6 б.
47. Өлең-өмір [Мәтін] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2004. - 8 қыркүйек. - 6 б.
48. Кісілігі кішіреймеген [Мәтін] : [Қостанай қ. тұрғыны, ардагер Төлепберген Әлиев туралы сыр] / Н. Мұқатов // Қостанай. - 2004. - 6 қаңтар. - 4 б.
49. Жетпейтіні - күн мен ай сәулесі емес.. [Мәтін] : өлеңдер / Н. Мұқатов // Қазақ әдебиеті. - 2003. - 28 қараша. - 20 б.
50. Айтыстың аспандаған ақсұңқары [Мәтін] : өлең: Н. Ахметбековке арнау / Н. Мұқатов // Біздің Торғай. - 2003. - 1-15 қазан. - 5 б.
51. Көкіректе тулайды тіршіліктің бар әні [Мәтін] : өлеңдер / Н. Мұқатов // Қостанай. - 2003. - 19 тамыз. - 4 б.

52. Көргенсіз көп фильмді көргеннен соң [Мәтін] : өлең / Н. Мұқатов // Қостанай. - 2003. - 29 сәуір. - 4 б.
53. Мұқатып көрген жоқпын мен ешкімді [Мәтін] : өлең / Н. Мұқатов // Қостанай. - 2003. - 29 сәуір. - 4 б.
54. Адалдық туы [Мәтін] : өлең / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2002. - 15 қазан. - 5 б.
55. Қашықта жүргенде қалындаған қадірің [Мәтін] : өлең / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2002. - 16 шілде. - 6 б.
56. Мешіт керек бір сұхбаттан туған ой [Мәтін] : өлең / Н. Мұқатов // Ислам және өркениет. - 2002. - № 7. - 11 б.
57. Сөз өнері өлмейді [Мәтін] : [Қазақстан Жазушыларының XII-нші құрылтайынан] / Н. Мұқатов // Жас қазақ. - 2002. - № 4-5. - 4 б.
58. Тағылымы мол төрайым [Мәтін] : [ақын-жазушы Ғ. Бердалинова 60 жаста] / Н. Мұқатов // Жас қазақ. - 2002. - № 4-5. - 12 б.
59. Неге өледі адамдар.. [Мәтін]: өлеңдер / Н. Мұқатов // Денсаулық. - 2002. - № 4. - 18 б.
60. Қайырбеков пе, Киров пе? [Мәтін] : [Ғ. Қайырбеков атындағы көшені неге әлі Киров деп жүрміз?] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2002. - 26 ақпан. - 6 б.
61. Елгезек досымдай аш есігімді [Мәтін]: [өлең] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2001. - 28 желтоқсан. - 1б.
62. Жүйткіген машинадай жүзді көрсет, ардақты аға! [Мәтін] : өлең / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2001. - 4 желтоқсан. - 3 б.
63. Жассың ғой деп жақындатпай үлкендер немесе 50 жас туралы ой.; Шындық - бала төбе басында тұнжырап; Қайда, қайда қазақтағы нар жігіт? Қазақша білмейтін қандасқа [Мәтін] : [Н. Мұқатов, "Қазына" сыйлығының лауреаты: "Иығымда ылғи жүрер нар жүгі"] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 2001. - 12 маусым. - 5 б.
64. Жанымдағы жамандардан жабығып.. [Мәтін] : поэзия / Н. Мұқатов // Алматы ақшамы. - 2001. - 5 маусым. - 3 б.
65. Аруағыңнан айналдық, асыл баба! [Мәтін] : [Торғайда өткен Шақшақ Жәнібектің 300 жылдық мерейтойынан сыр] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 1993. - 10 қыркүйек. - 4 б.
66. Тұтасқан орман-ойдың шын шебері [Мәтін] : [С. Көбеевке арнау] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. - 1993. - 18 маусым. - 2 б.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Ақын Нағашыбай Мұқатовтың - 50-жылдық мерейтойына ән-шашу [Мәтін]. - Қостанай, 2004. - 40 б.

* * *

1. Студенттермен кездесті [Мәтін] : [ҚМПИ саз факультетінің студенттері композитор Қ. Деріпсалдин және ақын Н. Мұқатовпен кездесті] // Қостанай таңы. - 2008. - 12 наурыз. - 2 б.

2. Айқадамова Айтолқын. "Қарапайым қазақтың бір ұлы..." [Мәтін] : ақын Нағашыбай Мұқатовтың шығармашылық кеші өтті / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. - 2007. - 12 желтоқсан. - 8 б.

3. Сыныптастар сырласқанда [Мәтін] : [Жанкелдин орта мектебін бұдан 40 жыл бұрын бітірген түлектер сыры] // Қостанай таңы. - 2007. - № 7-8, шілде-тамыз. - 9 б.

4. Жақсанов, О. Қандай кітап оқып жүрсіз? [Мәтін] / О. Жақсанов // Қостанай. - 2007. - 17 сәуір. - 5 б.

5. Мұражайдағы кездесу [Мәтін] : [жуырда обл. Ы. Алтынсарин мемориалдық мұражайында белгілі ақындар кездесуі болды] // Қостанай. - 2007. - 13 наурыз. - 5 б.

6. Айқадамова, А. Балаларға - базарлық [Мәтін] : [Алматы қаласында жарық көрген Н. Мұқатовтың "Қанат және Қаламқас" атты кітабы жайлы] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. - 2005. - 13 шілде. - 8 б.

7. Дарханбаев, Ж. Ақын. Әнші. Сатирик. [Мәтін] : ақын Нағашыбай Мұқатовтың Арқалықта шығармашылық кеші өтті / Ж. Дарханбаев // Қостанай таңы. - 2005. - 25 ақпан. - 12 б.

8. Ақынның шығармашылық кеші өтті [Мәтін] / «Арқалық хабары» газетінің редакциясы // Арқалық хабары. - 2005. - 11 ақпан. - 5 б.

9. Нағашыбай Мұқатов: «Өлең - өмірім менің» [Мәтін] : ақынмен сұхбат / сұхбаттасқан Тұрсынмәмет Нүсіпханұлы // Қостанай таңы. - 2005. - 11 ақпан. - 6-7 б.

1 сәуір

Туғанына

70

жыл

Салғарин Қойшығара (1939)

Қостанай облысы, Жанкелдин ауданында дүниеге келген. ҚазМУ-ды бітірген. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2003), филология ғылымдарының кандидаты (1995), «Ауыл өмірі» газетінің редакторы болып істеген. Қазақ радиосының Қостанай облысындағы меншікті тілшісі, Торғай облыстық телерадио комитетінің редакторы, «Егемен Қазақстан» газетінде әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. Алғашқы өлеңдері 1960 жылдардан жариялана бастаған. Кейіннен қазақ проза саласына ауысқан. 1993-97 жылдар аралығында ҚР Мемлекеттік хатшысының кеңесшісі, Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес хатшысының орынбасары, 1997 жылы Қазақстан Республикасының ҚХР Елшілігінде мәдениет жөніндегі кеңесші қызметтерін атқарған. Ол Қытайда болған жылдары қазақ халқының тарихына қатысты деректерді аударып, «Сиунну», «Дуңху. Гаучы», «Түріктер. Жыужандар», «Таным тармақтары», «Анықтамалық» кітаптарын жазды. Бірнеше медальмен және Қазақстан Жоғары Кеңесінің грамотасымен марапатталған. Көптеген кітаптардың авторы. Соңғы уақытта қазақ халқының тарихын зерттеуге ат салысып келеді. «Қазақтар» трилогиясы үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығын алды.

2004 жылға дейінгі мағлұматтарды «2004 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінен» қараңыз.

Шығармалары:

1. Сол бір күндер [Мәтін] : повестер мен әңгімелер / Қ. Салғараұлы. - Алматы, 2003. - 320 б. - (атамұра кітапханасы).

* * *

1. Үздік үлгі [Мәтін] : [профессор Ж. Ысмағұлов туралы] / Қойшығара Салғараұлы // Егемен Қазақстан. - 2008. - 15 сәуір. - 5 б.

2. Елдік негіздері [Мәтін] : Замана зиялылар зердесінде / Қойшығара Салғараұлы // Егемен Қазақстан. - 2007. - 17 тамыз. - 5 б.; - 18 тамыз. - 5 б.
3. Жүрегіне қаламын сүйеген [Мәтін] : Мырзатай Жолдасбеков / Қойшығара Салғараұлы, Сейдімбек Ақселеу // Егемен Қазақстан. - 2007. - 26 мамыр. - 5 б.
4. Жарқын күн жақын болғай [Мәтін] : [Торғай селосында өткен Қазақстанның халық ақыны Н. Ахметбековтың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі] / Қ. Салғараұлы // Қостанай таңы. - 2004. - 4 ақпан. - 4 б.
5. Парыз [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] / Қ. Салғараұлы // Қостанай таңы. - 2004. - 3 ақпан. - 4 б.
6. Тұжырым айғақ тілейді [Мәтін] : ["Ақиқат тарих тереңіне жетелейді" атты мақала туралы] / Қ. Салғараұлы // Егемен Қазақстан. - 2003. - 28 наурыз. - 5 б.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Теңізбай, А. "Алтын тамырдан" қол үзбе [Мәтін] : [Қ. Салғараның "Алтын тамыр" кітабы] / Аққұм Теңізбай // Нұр Астана. - 2008. - 9-16 сәуір. - 6 б.
2. Омарұлы, Б. Қойшығара Салғараұлы: Тарихшылықты "доктор" деген жазуы бар қатырмаға қағаз емес, атқарылған еңбек, ашылған жаңалықтар тізбегі анықтаса керек [Мәтін] : [сұхбат] / Бауыржан Омарұлы // Айқын. - 2006. - 5 тамыз. - 1,6 б.

1 сәуір

Туғанына
70
жыл

Сәрсекеев
Қоғабай
(1939)

Қостанай облысының Жанкелдин ауданы, Торғай ауылында туған. Ы. Алтынсарин мектебінің түлегі. 1963 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген соң, республикалық «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Кітап жаршысы»-«Друг читателя» газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактор, «Жалын» баспасының бас редакторы, республикалық «Қазақкітап» бірлестігінің бас редакторы, республикалық Кітап таратушылар қауымдастығының президенті қызметтерін атқарған. Қазір «Сақ» акционерлік қоғамының президенті.

